



1 сәуір, бейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz



Ордалы
30
жыл

1 СӘУІР

- 1993 жылы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградлары туралы» Заңымен «Даңқ» ордені бекітілді. Орден тек күштік құрылымдар өкілдеріне ғана беріледі.
- 1995 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Министрлер кабинеті жаңында Кеңес комитеті құрылды.
- 2006 жылы «Қазақмыс» корпорациясының жаңа тау-кен кәсіпорны «Құсұмұрын» кенінде кен өндіру басталды. Ауыр руданың алғашқы жүздеген тоннасы «Қарағайлы» байыту фабрикасына жеткізілді. «Құсұмұрын» кенішінің өндірістік қуаты жылына 1 миллион тонна кен өндіруге мүмкіндік береді.
- 2006 жылы Мәскеуде шығыс аңыздарының кейіпкері Қожанасырға ескерткіш орнатылды.
- 2007 жылы ел аумағында Қазақстан Республикасының «Ойын кәсіпкерлігі туралы» заңы күшіне еніп, соған сәйкес бұрын берілген лицензиялардың мерзімі аяқталып, ойын мекемелері енді тек ғана Қапшағай мен Бурабайда ашылатын болды.

2 СӘУІР

- 1993 жылы Қарулы Күштердің жекелеген түрі – Әскери-теңіз күштері құрылды. Олардың басты міндеті Каспий теңізінің Қазақстандық секторында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына қол сұғылмауын, аумақтық тұтастығын, егемендігін, экономикалық мүдделерін қорғаудан тұрады.
- 1996 жылы Қазақстан Республикасы азаматтарының тегі мен әкесінің атын қазақша жазу тәжірибесін қазақ халқының қалыптасқан дәстүрлеріне сәйкес келтіру жөніндегі «Ұлттық қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» Жарлық шықты.
- 1997 жылы «ҚазТрансОйл» Мұнай тасымалдау ұлттық компаниясы» ЖАҚ құрылды. Оған барлық магистральды мұнай құбырлары, сондай-ақ Батыс Қазақстанның магистральды су құбыры берілді.
- 2008 жылы Алматыдағы «Медеу» спорт кешенінде «Бейжің-2008» Олимпиадалық алау эстафетасы басталды.
- 2014 жылы «Тау-Кен Алтын» ЖШС афинаж зауыты дайын өнім, тазартылған алтынның алғашқы партиясын ҚР Ұлттық банкіне жөнелтті.

ХАБАРЛАНДЫРУ

3 сәуір күні ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өткізіледі. Жәрмеңке өткізу уақыты 09-00-ден 13-00-ге дейін.

Өтетін орны: **Қызылорда қаласы, Астана даңғылы бойында (Е.Кешербаев және Амангелді көшесінің аралығы).**

ТҮРКІСТАН – ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ АСТАНАСЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев онлайн форматта өткен Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің бейресми саммитіне қатысты

Президент Қазақстанның ұсынысын қабыл алып, Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің бейресми саммитіне қатысуға келісім берген Мемлекет басшыларына ризашылығын білдірді.

– Бұл басқосуды бәріміз үшін қасиетті Түркістанда ұйымдастыруды жоспарлаған едік. Алайда пандемияға байланысты күрделі ахуалға орай біз саммитті онлайн форматта өткіздік жөн көрдік. Индеттің беті қайтқан соң, бұрынғыдай бетпе-бет жүздесеміз деп сенемін. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, баршаңызды Наурыз мейрамымен тағы да құттықтаймын. Бұл – күллі түркі жұртының төл мерекесі. Бауырлас елдерге бақ-береке тілеймін, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы өз сөзінде Түркістанның барлық түркі халықтары үшін кастерлі қара шаңырақ, құтты мекен және аңсарлы атажұрт екенін айтты. Бабаларымыздың осы өңірде ғұлама ұстаз Қожа Ахмет Ясауиден діни білім алып, түркі-ислам мәдениетін әлемге таратқанын, түркілер Кіші Азияға бет бұрғанда бұл күндылықтар түп-тамырымызды сақтап, бірлігімізді бекем ұстауға негіз болғанын атап өтті.

– Біздің мақсатымыз – түркі әлемін ХХІ ғасырда маңызды



экономикалық және мәдени-гуманитарлық кеңістіктің біріне айналдыру. Түркі өркениетін жаңғыртуды, ең алдымен, Ясауи мұрасы мен қасиетті Түркістанды әлемге танытудан бастауға шақырамыз. Сол себепті бүгінгі саммит «Түркістан – түркі әлемінің рухани астанасы» деп аталып отыр, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен Қасым-Жомарт Тоқаев Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Түркістан қаласы

түбегейлі өзгеріп, жаңа келбетке ие болғанына тоқталды.

Қазақстан Президенті бүкіл әлем теңдессіз сын-қатерлермен күресіп жатқан қазіргідей қиын уақыттың өзінде Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы бәсеңдемегенін ерекше атап өтті. Алайда күрделі кезеңдегі қарым-қатынасымызға тың серпін беру жолдарын бірлесіп ойластыруымыз қажет екенін жеткізді. Осы мақсатта бірнеше мәселе бойынша ойымен бөлісті.

Президенттің пікірінше, індетті тоқтатудың басты жолы – азаматтарды вакцинамен жаппай қамтамасыз ету. Бұл орайда ортақ мүддеге сай тәжірибе бөлісіп, Түркітілдес мемлекеттер бір-бірін қолдауы қажет деп санайды. Мемлекет басшысы халықаралық қауымдастық пандемияға қарсы күрес кезінде тұтасып әрекет ете алмағанын, негізгі ірі мемлекеттер арасында қайшылықтар туындап, вакциналық қақтығыс басталып кеткенін айтты. Біріккен Ұлттар Ұйымы да осындай күрделі жағдайда өз әлеуетін көрсете алмағанын атап өтті. Сондықтан осындай кезеңде денсаулық сақтау және биоқауіпсіздік мәселесінің маңызы арта түскеніне тоқталды.

– Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 75-ші сессиясында Қазақстан Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру туралы бастама көтергені белгілі. Сіздер осы тың идеяны қолдайсыздар деп сенемін. Агенттік болашақта биологиялық қатердің алдын алуға және қауіпті дерт бойынша мәлімет алмасуға мүмкіндік берері сөзсіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Пандемия бұрын-соңды болмаған экономикалық дағдарысқа әкеп соқтырды. Индеттің салдарынан өзара сауда айналымы азайып кетті. Нақты айтқанда, Қазақстан мен Түркі кеңесіне мүше елдер арасындағы сауда-саттық көлемі былтыр шамамен 7 миллиард доллар болды. Бұл – пандемияға дейінгі көрсеткіштен 11,2 процентке төмен.

– Біздің елдеріміз үшін алыс-берісті ұлғайта түсу – басты мін-

деттің бірі. Осы орайда тоғыз жолдың торабында орналасқан Түркістанның инвестициялық және сауда-экономикалық мүмкіндігі зор. Оның қомақты табиғи ресурсын, адами капиталы мен туристік әлеуетін ескеріп, Түркістан өңірінде түркі елдерінің бірлескен «Арнайы экономикалық аймағын» құруды ұсынамын, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев су-энергетика саласы өзара байланыстардың тағы бір құрамдас бөлігі екенін айтты. Өйткені су мәселесі біздің аймақтағы өте маңызды, күрделі проблемаға айналып отыр. Сондай-ақ трансшекаралық су ресурстарын тиімді әрі әділ пайдалану – өңірдегі елдердің тұрақтылығы мен өсіп-өркендеуінің кепілі. Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан көршілес мемлекеттермен бірлесе отырып гидроқұрылымдар салу жобаларына атсалысуға дайын екенін жеткізді.

Қазақстан Президенті Түркі кеңесіне мүше елдер арасында жасанды интеллектті дамыту, ауқымды деректерді талдау, цифрландыру, интернет саудасы сияқты салаларда ортақ жобаларды жүзеге асыруға шақырды. Мемлекет басшысы технология қазіргідей жылдам дамып жатқан дәуірде бұл қадам инновацияларды игеруге және бәсекеге қабілеттілікті арттыруға мүмкіндік береді деп сенеді. Бұл ретте Қазақстан электрондық үкімет, банк және қаржы жүйесіндегі озық технологиялар мен цифрлық шешімдер төңірегіндегі тәжірибесімен бөлісуге әзір екенін айтты.

2-бет

КӨҢІЛ АЙТТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аса көрнекті сәулетші, ғалым әрі қоғам қайраткері, қаламгер Шот-Аман Ыдырысұлы Уәлихановтың дүниеден өтуіне байланысты көңіл айтып, жеделхат жолдады.

«Шот-Аман Ыдырысұлы елімізде сәулет өнерінің қарқынды дамып, жаңа белеске көтерілуі жолында көп еңбек сіңірді. Көптеген еңселі ғимараттар мен көрікті ескерткіштердің авторы атанды. Халқымыз оны Мемлекеттік Елтаңба авторларының бірі ретінде жақсы біледі. Ғұмырын шығармашылық ізденістер мен ғылыми зерттеулерге арнап, қаламгерлік жолда да жемісті жұмыс жасады. Руханият байлығын дамытуға едәуір атсалысты. Соңына өшпес із, сарқылмас мұра қалдырған Шот-Аман Ыдырысұлының жарқын бейнесі ұмытылмайды. Халқымыз есімін әрдайым ардақ тұтады», – делінген жеделхатта.

БАҒА: КӨҢІЛ ДЕ, КӘРЗЕҢКЕ ДЕ ТОЛМАЙ ТҰР

Базардағы баға бұрынғыдай емес. Ай сайын, кейде апта өткізіп құны қымбаттаған азық-түліктің көш басында күнбағыс майы, қарақұмық, картоп, қырыққабат, жұмыртқа мен макарон тұр. Саудада нағыз сұранысқа ие өнімдер. Бұл жағдай халықтың көңілін де, кәрзеңкесін де толтырмайтыны белгілі. Сейсенбіде ауыл шаруашылығы басқармасының ұйымдастыруымен пресс-тур өтіп, «азық-түлік не үшін қымбаттады, бағаны тұрақтандыру жұмыстары қалай жүргізілуде?» деген сауалдардың жауабын біліп қайттық.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»



БАҒА НЕГЕ КӨТЕРІЛДІ?

Жыл басында ел-жұрт жұмыртқа бағасының аспандап, 10 данасының кей жерлерде неге 600 теңгеге жеткенін түсінбей қалды. Басты себеп – құс тұмауынан құс басының азаюы, жүк тасымалдау қызметі, мал азығы мен дәрі-дәрмектердің қымбаттауы. Ал күнбағыс майы мен қант бағасының жоғарылауына шикізат көлемінің аздығы, импорттық

шикізаттың қымбат бағада келуі әсер етуде. Қарқұмық жармасы солтүстік өңірлерде өнім төмен болуынан, көршілес Ресейде дақылдың бітік шықпауынан қымбаттаған. Ал, картоп пен қырыққабат, сәбіздің бағасы маусымаралық кезеңге және өткен жылғы қордың азаюына байланысты көтерілуде. Макаронға келгенде де, астық өндіруші өңірлерге тәуелдіміз. Баға сондықтан да құбылмалы.

3-бет

АВТОБУС ЖЕТІСПЕЙДІ, МӘСЕЛЕ СОНДА!

Қызылорданың қоғамдық көліктері неге «құтырады»? Неліктен бір-бірімен желдей жүйткіп жарысуға құмар? Әр аялдамада ұзақ кідіріп, телефон арқылы бірін-бірі аңдығанды қашан қояды? Неге бірде адамды аузы-мұрнына дейін тиіп, енді бірде ерте тоқтайды?

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

Жұрттың жүйкесін жұқартқан мәселенің жауабы біреу-ақ. «Қызылорда» автобус паркі директорының орынбасары Канат Рахметовтің айтуынша, қала ішінде қажетті көлемде жолаушы тасымалдауға 200-ден астам қоғамдық көлік жетіспейді.

– Облыс орталығы мен оған қарасты ауылдар арасында қатынайтын автобустардың 450-і жеке кәсіпкерлерге, 135-і бізге тиесілі. 2013 жылдан бері автопарк толығымен жаңарды. Олар №1, 11, 14, 17, 18 бағыттарда жүр. Бірақ жеке тасымалдаушылар техника жаңалауға қылықты емес, – дейді ол.

Ескірген көлік, есірген жүргізуші, дерекі кондуктор. Бұл – күнде автобұсқа мінетін көптің көз алдындағы көрініс.

Иін тірескен жолаушының осыдан кейін жүйеге қайдан көңілі толсын!?

– Арыз-шағым қабылдауға арналған 8 (7242) 70-20-21 нөміріне, 8 771-422-15-48 нөмірлі WhatsApp мессенджеріне өткен жылы 870-ке жуық хабарлама түсті. Аптасына екі мәрте өтетін тәртіптік кеңес қорытындысымен талапты өрескел бұзған 23 жүргізуші жұмыстан шеттетілді. Бірқатар кондуктор жауапкершілікке тартылды, – дейді Қ.Рахметов.

Жеке тасымалдаушыларға келгенде қол қысқа. Ережені елемейтіндерді екі-үш күн ғана рульден алатаста алады. Одан артық әрекетке бару кәсіпкер құқығын бұзғанмен бірдей.

Коронавирус пандемиясы қоғам-

дық көлік жұмысына да кесірін тигізбей қоймады. Оның жүйені шығынға батырғаны жолаушы тасымалдаушылардың шымбайына қатты батты. Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Біржан Далабаевтың сөзінше, бұл тұрғындар үшін қолайсыздық туғызып отыр.

– Кіріс кеміп, шығынның орнын толтыра алмағасын кейбір кәсіпкерлер бұл істен бас тартты. Автобустарын сатуға мәжбүр болды. Соның кесірінен бірді-екілі бағыт бойынша жолаушылар сұранысын өтеуге мүмкіндік жоқ, – дейді ол.

Қалаішілік маршрут сызбасы жаңартылмағалы 14 жылдан асыпты. Содан бері қаншама үй салынып, шағын аудан сап түзеді. Шаһар аумағының айтарлықтай кеңейгенін, кейбір жерге автобус бармайтынын, қаланың ендігі бір тұсында қарбалас уақытта көлік кептелісі болатынын ескерген жергілікті билік жол сызбасын жаңартуға кірісті.

Онда Белкөл кентінің екінші жақ беті, «Бәйтерек», «Саяхат» шағын аудандары, «ПМК-29», «ПМК-66», «Сабалақ», «Ягодка», «Пищевик» саяжайлары мен «Тәуелсіздікке – 25 жыл» даңғылы ескеріледі.

Былытр кыркүйекте қолданысқа енген электронды билет жүйесі әзірге өзін-өзі ақтаған жоқ. Бүгінде автопарк қарасты 100-ден астам автобуста валидатор бар. Парк директорының орынбасары оны орнатуға бюджеттен бір тиын да жұмсалмағанын, бастамашы да, орындаушы да инвесторлар екенін жеткізді.

– Келісімшартқа сәйкес электронды билет арқылы түскен табыстың белгілі бір бөлігі 2024 жылға дейін соларға тиесілі. Алайда, былтыр барлық жолаушының 5-7 проценті ғана валидатор көмегіне жүгінді. Биыл қаңтар-ақпан айларында көрсеткіш 30-35 процентке көтерілді, – дейді Қ.Рахметов.

Б.Далабаевтың айтуынша, жеке автобус егелері электронды төлем жүйесін орнатуға асықпайтынын айтты.



ТҮРКІСТАН – ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ АСТАНАСЫ

Түркі инвестиция-интеграциялық қорын құру – жұмыстарын тездету өте өзекті мәселенің бірі. Бұл Түркітілдес мемлекеттерге ортақ алғашқы қаржы институты болмақ.

– Бастаманы барлық мүше мемлекеттер пысықтаған соң оның штаб-пәтерін «Астана» халықаралық қаржы орталығында орналастыруды ұсынамын. «Астана» қаржы орталығы – халықаралық деңгейдегі қаржы институттарының үздік тәжірибесі мен заманауи мүмкіндіктерін біріктірген бірегей алаң. Мұнда ислам банкингі және сукуқ құралдары кеңінен қолданылады. Бұл ұйым түркі елдеріне кең көлемде инвестиция тартуға жол ашатын ерекше құрылым болмақ, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Білім беру саласындағы ынтымақтастық – болашақтағы табысты серіктестіктің негізгі факторы. Осы ретте Қазақстан Президенті ортақ мәдени-ағартушылық кеңестік қалыптастырған жөн деп есептейді. Президенттің пікірінше, оны «Ұлы Түркілер» білім беру қорын құру арқылы жүзеге асыруға бо-

1-бет



лады. Қор университеттер арасында академиялық ұтқырлық, тағылымдамадан өту, біліктілікті арттыру ісін үйлестіреді. Мемлекет басшысы бауырлас елдердің жастары үшін Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде бакалавриат бағдарламасы бойынша 50 грант бөлуге дайынбыз деді. Бұл 50 грант «Ясауи степендиясы» деп аталатын болады.

Қазіргі заманда гуманитарлық және академиялық ықпалдастықтың өзектілігі артып келе жатқанын айтқан Қасым-Жомарт Тоқаев, іргетасы орта ғасырда қаланған Түркістан шаһарының археологиялық және ғылыми тұрғыда әлі толық зерттелмегенін атап өтті. – Сондықтан ТҮРКСОЙ мен Түркі академиясының Түркістан өңірінде археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге баса мән беруі

өте орынды. Бұдан бөлек тамырластық символы ретінде Түркістанда халықтарымызға ортақ сәулет нысанын салсақ, құба-құп, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті Кеңестің мәртебесін арттырып, институционалдық құрылымын нығайту мақсатында оны толыққанды ұйымға айналдыратын уақыт келгенін айтты. Мемлекет басшысы осы ұсынысты саммит қоры-



тындысы бойынша қабылданатын Түркістан декларациясына енгізіп, бекітуді ұсынды.

– Қазіргі халықаралық саясат пен қарым-қатынаста Түркі әлемінің маңызы арта түскені баршаға мәлім. Ендеше Түркі кеңесі аясындағы ынтымақтастықтың болашағы зор деп айтуға толық негіз бар. Біз өңірлік және жаһандық мәселелер бойынша өзіміздің көзқарасымызды білдіруіміз керек. Біздің дауысымыз нық

әрі айқын болуға тиіс. Осы орайда біз барлық бастамалар мен ұсыныстарды бауырлас елдермен бірлесе жүзеге асыруға дайынбыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиында Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы, Кеңестің Құрметті төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түркия Президенті Режеп Тайип

Ердоған, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов, Венгрия Премьер-министрі Виктор Орбан, Түркі кеңесінің Бас хатшысы Бағдат Әміреев сөз сөйледі.

Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің бейресми саммитінің қорытындысы бойынша Түркістан декларациясы қабылданды.

ДЕПАРТАМЕНТТЕРДЕ — ЖАҢА БАСШЫЛАР

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар вице-министрі Ибрагим Күлшімбаевпен кездесті. Ибрагим Дәукесұлының сапары кадрлық өзгерістерге байланысты болып отыр.



Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы бұйрығына сәйкес, Қызылорда облысының төтенше жағдайлар департаментінің бастығы лауазымына Руслан Қайрақбаев тағайындалған.

Сламбекұлы 1981 жылы Қызылорда қаласында туған. Көкшетау техникалық институтын «Өрт қауіпсіздігі» мамандығы бойынша және Қызылорда экономика, экология және құқық академиялық университетін «Заңтану» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2002 жылы Қызылорда облысы мемлекеттік өртке қарсы қызмет басқармасында өрт бөлімінің аға инженері болып бастаған. 2005-2019 жылдар аралығында Қызылорда облысының төтенше жағдайлар департаментінде жедел кезекші, бас маман, бөлім, басқарма бастығы қызметтерін атқарған. 2019 жылдың қаңтарынан бүгінге дейін төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары лауазымын атқарды.

Сонымен қатар, Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департамент басшысы лауазымына Жанмұрат Балғабаев тағайындалды.

Ж а н м ұ р а т Жеңісұлы 1973 жылы Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Жөңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетін «Газ, мұнай құбырлары мен газ-мұнай жобалау, салу және пайдалану» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1990 жылы Батыс Қазақстан облысының 25 съезд совхозында жұмысшы болып бастап, 1997-2007 жылдар аралығында жеке секторда жұмыс жасаған. 2007-2014 жылдар аралығында Батыс Қазақстан облысының төтенше жағдайлар департаментінде басшылық қызметтер атқарған. 2014 жылдан осы кезге дейін Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің басшысы қызметін атқарды.

Кездесуде облыс басшысы Гүлшара Әбдіқалықова Руслан Қайрақбаев пен Жанмұрат Балғабаевты жаңа қызметімен құттықтап, өңірде төтенше жағдайлардың алдын алуға және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуде белсенді жұмыс жасайтындарына сенім білдірді.

Өз кезегінде вице-министр Ибрагим Күлшімбаев Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар министрлігі мен Қызылорда облыс әкімдігі төтенше жағдайлардың алдын алу, жою бағытында алдағы уақытта да бірлесе қызмет атқаратындығын жеткізді.



● БРИФИНГ

ҚЫТАЙЛЫҚ КОМПАНИЯ ЖАЛАҒАШТА ЗАУЫТ САЛАДЫ

Жалағашқа биыл табиғи газ жетеді. Еске салсақ, «көгілдір отыннан» тыс қалып тұрған аудан осы болатын. Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде аудан әкімі Асылбек Шаменов тұрғындарды бір қуаныт қойды.

Сb Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»



– Кентішілік газ желісін тартуға 3,5 млрд теңге бөлініп, жоба екі жыл бұрын басталған болатын. Жоспарлы жұмыстың 98 проценті тәмам. Бұйырса, сәуір айында халық игілігін көре бастайды. Жоба кенттен бөлек, жақын маңдағы Ақсу, Шаменов, Қаракеткен ауылдарын қамтиды, – деді ол.

Аудан орталығындағы 3 мыңнан астам абонентке табиғи отын тартуға жеке кәсіпкерлер, газ таратушы мекемелер атсалысып отыр. Игіліктен көппәтерлік баспаналар да шет қалмақ емес. Кентте қазір екіқабатты 28 тұрғын үй бар. Соның 19-ын жөндемесе болмайды. Былтыр демеушілер көмегімен жүзеге асырылған мұндай жұмыс жалғасын таппақ. Тек оларға газ тарту кезінде қауіпсіздік

талаптары ескерілу керек.

Қызылорда мен Жалағаш аралығындағы ішкі жолдың жөнделетіні де тауір жаңалық болып тұр. Өйткені жергілікті тұрғындар облыс орталығына ой-шұңқыры көп жолмен қатынауға мәжбүр.

– Біраз жылдан бері жөндеу көрмегенің жағдайы сын көтермейтіні рас. Жөндеу жұмысы үшін қаржы бөліне бастады. Жобаның жалпы құны – 3 млрд теңге. Мәселе екі жылда шешіледі, – деді А.Шаменов.

Қытайлық инвесторлар күріш шаруашылығына бейімделген ауданда тыңнан түрен салғалы отыр. Аспанақты еліңдегі компаниялардың бірі күріш сабаынан целлюлоза шығаратын зауыт салмақ.

– Ауқымды жоба. Жүзеге асқан жағдайда 100-ден астам жұмыс орны пайда болады. Инвесторлар жақын арада бізге келеді. Кездесуде осы жайтты пысықтаймыз, – деді аудан басшысы.

Су тапшылығы жалағаштық дикандарды да айналдыртып өтпейтіні анық. Осы орайда шаруашылықтар күріш дақылын былтырыдан 1200 гектарға кем егетін болып шешті. Оның орнын суды аз қажет ететін жаздық бидай, мақсары, жоңышқамен алмастыруды құп көріпті.

ТӨРТІНШІ ТОҚСАННЫҢ ТАЛАБЫ КҮШТІ

Иә, сөзіміздің басын осылай бастауға тура келіп тұр. Себебі: өткен жылдан бері әлемдік өмірге салған пандемия салдарынан білім беру ұйымдарының жұмысы белгілі тәртіпке бағынып, ауру өршіп тұрған алғашқы уақытта яғни, I оқу тоқсанында оқушылардың 79% қашықтан, 21% дәстүрлі түрде оқытылса, II тоқсанда 68% қашықтан, 32% дәстүрлі, ал III тоқсанда 58% қашықтан, 42% дәстүрлі оқытумен қамтылған.

Сb Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Өздеріңізге белгілі, 1 наурыздан бастап мектептер 30% қашықтан, 70% дәстүрлі оқытуға көшкен болатын. Ал енді IV тоқсанда сақтық шараларын күшейте отырып, аймақтағы барлық мектептер 100% штаттық режимде жұмысқа қосылатыны белгілі болып отыр. Өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова IV тоқсаннан бастап барлық сынып оқушылары (55408 оқушы) мектепке баратынын мәлімдеді.

– Қызылорда облысы «жасыл аймақта» болғандықтан, облыстың бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің № 5 қаулысына сәйкес 1-11 сынып оқушылары дәстүрлі форматта оқиды.

Оқушылар негізгі пәндерді дәстүрлі, қалған пәндерді қашықтан оқи береді. Мәселен, музыка, көркем еңбек, информатика, құқық негіздері, графика және жобалау, кәсіпкерлік және бизнес негіздері пәндерін оқушылар қашықтан оқи алады. Ал, дене шынықтыру



сабақтарын таза ауада өткізу ұсынылды. Айта кетейік, жекелеген пәндерді қашықтан оқыту мәселесін әр мектеп өзі дербес айқындайтын болады. Сондай-ақ, жаңа қаулыға сәйкес білім беру ұйымы әкімшілігі сабақтан тыс уақытта 15 адамнан аспайтын топтарда оқушыларды жеке оқытуға мүмкіндігі бар – дейді басқарма басшысы.

Әдеттегідей, оқушылар мектепке кіреді алдында 5 сатыдан тұратын дезинфекциялаудан өтеді. Бұл үшін барлық мектептер талапқа сай толық жабдықталады. Ал қандай жағдайда оқушылар қашықтан оқы-

тылады? Бұл сұрақтың жауабы былай: осыған дейін ағзасында ауру белгілері байқалған немесе ауырған адамдармен байланыста болған оқушыларға арнайы медициналық тексерудің қорытындысымен ғана мектепке келуге рұқсат етіледі. Егер рұқсат етілмеген жағдайда қашықтан оқытылады.

Ата-аналарды алаңдататын тағы бір сұрақ – мектеп формасы. Басқарма басшысының айтуынша, бүгінге дейін қалыптасып отырғандай, оқушылардың классикалық үлгідегі ыңғайлы киіміне рұқсат етілген, яғни, мектеп формасына қатысты қатаң талап болмайды.

Айта кетейік, 1 сәуір – 1 тамыз аралығында бірінші сыныпқа құжаттар қабылдау басталады. Құжаттарды edov.kz арқылы беруге болады. Ол үшін қажеті – 4 құжат қана: ата-ананың өтініші (ата-ана немесе оларды алмастыратын тұлғалар), баланың туу туралы куәлігі, «Бала денсаулығы паспорты», 3x4 көлемді фотосуреті.

Қорыта айтқанда, әрбір ата-ана өз балаларының денсаулығын қатаң қадағалап, жеке гигиеналық талаптарды сақтауы тиіс. Қалай болғанда, төртінші тоқсанның салмағы ауыр, жауапкершілігі зор.

ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖАЛҒАСУДА

Биыл облыста 48,5 млрд теңгені құрайтын 4 ірі индустриялық жоба іске асырылады. Оның ішінде Арал ауданындағы ас тұзы және түйе сүтінен құрғақ сүт дайындау өндірісі, Қармақшы ауданындағы құс фабрикасы және шыны зауыты бар. Нақты кезеңде аталған жобалардың жұмыстары аяқталуға жақын.

– Пандемияға байланысты біраз жобатолтап қалды. Қазір соның бәрін қайта қолға алып, жандандырып жатырмыз. Мәселен, биыл Қармақшы мен Аралдағы жобалардан бөлек, Жаңақорған ауданындағы «Шалқия» қорғасын-мырыш кен орнында кен байыту комбинатын, «Абдулла» шаруа қожалығы құс фабрикасының және Аралдағы кальцийлендірілген сода зауытының құрылысы бастала-

тын болады. Айта кетейік, сода зауыты жобасы бойынша инженерлік инфрақұрылымы «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы аясында жүргізілуде, – деді облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Ринат Сұлтангереев.

Сонымен қатар, бүгінде қуаттылығы жылына 5 мың тонна өндіретін ет комбинаты және сүт

өңдеу кешенінің II кезеңі жобалары бойынша қажетті инженерлік инфрақұрылымдары жеткізіліп, құрылыс жұмыстары жалғасуда.

Жалпы, Индустрияландыру бағдарламасының үшінші бесжылдығы аясында облыста 7 мыңнан аса жұмыс орны құрылатын 41 жоба жүзеге асырылуда. Оның ішінде Арал ауданындағы экспортқа бағытталған балықты тереңінен өңдеу цехтарының I кезеңі, облыстағы алғашқы кварц құмын байыту комбинатының желісі, Жаңақорғанда тротуарлық плитка, бордюр, легокіріш өндірісі және Жалағашта түйіршіктелген аммоний сульфаты өндірістері пайдалануға берілді деп күтілуде.

КІШІ СТАНЦИЯЛАР ТҰРАҚТЫ ҚОЛДАНЫСТА

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жанабаев, «Қызылорда электр тарту тораптары» компаниясы АҚ басқарма төрағасы Мұхитжан Кәрімбаев электр желілер мен подстанциялардың жаңарту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтты.

Облыстағы электрмен қамту жүйелерінің жалпы ұзындығы 10 мың шақырымнан астам. Әртүрлі кернеуліктегі 1837 дана қосалқы

станция бар. Олардың тозу деңгейі 69% құрап отыр.

Жалпы кейінгі бес жылда Арал және Қазалы ауданда-

рында кернеулігі 110/35/10 кВ «Арал», «Жаңақазалы» қосалқы станциялары және Қызылорда қаласындағы «Тасбөгет», «Арай», «Орталық», «Шымбай», «Жаңа-арық», «Қазандық» 35/10 киловольттық қосалқы станциялары, Сырдария ауданындағы «Тереңөзек» 35/10 киловольттық қосалқы станциясындағы оперативтік басқару пункті және трансформаторлық қондырғылары, сонымен қатар Қармақшы ауданы Жосалы кентіндегі 220/35/10 кВ

қосалқы станциясы және Төретам елді мекеніндегі 35/10 кВ қосалқы станциясы қайта жаңғыртылды.

Қазір осы күн электр станциялары өндірген электр энергиясы бірыңғай энергетикалық жүйеге беріледі. «Гидроэнерджи» компаниясы Жаңақорған ауданында қуаттылығы 10 мегаватт күн электр станциясының құрылысын аяқтап, пайдалануға беруді жоспарлауда.

Сондай-ақ, Энергетика министрлігі өткізген аукциондық

сауда-сатылымның қорытындысымен жеңімпаз болып анықталған «Хевел» компаниясы 2022 жылы Арал ауданында қуаттылығы 20 мегаватт құрайтын күн электр станциясын салуды көздеп отыр.

Аймақта ауылшаруашылық саласындағы 100-ден аса шаруа қожалығы қуаттылығы 2 киловатттан асатын, күн сәулесімен жұмыс істейтін кіші электр станцияларын тұрақты пайдалануда.

«СБ» ақпарат

Қызылорда облысы әкімдігінің
2021 жылғы 25 наурыздағы
№246 қаулысы

Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТДІ:**

1. Коса беріліп отырған Қызылорда облысы әкімдігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі бекітілсін.

2. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі, «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі, «Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Ш.Тілеуевке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қызылорда облысының
әкімі Г. Әбдікалыкова

Қызылорда облысы әкімдігінің
2021 жылғы «25» наурыздағы
№ 246 қаулысымен
бекітілген

Қызылорда облысы әкімдігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі

1. «Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 1 шілдедегі №176 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2-қосымшасында облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар қызметкерлерінің штаттық санының лимитінде:

реттік нөмірі он екінші, он үшінші жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«12. «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі 40 3

13. «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі 21 2»;

реттік нөмірі жиырма алтыншы жол мынадай редакцияда жазылсын:

«26. «Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасы» мемлекеттік мекемесі 10 1».

2. «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 қыркүйектегі №584 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

17-тармақ мынадай мазмұндағы 45-2), 45-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«45-2) жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын жобалық басқаруды мемлекеттік құпияларды қорғау туралы заңнама талаптарын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын және бағдарламалық сипаттағы басқа да құжаттарды әзірлеу, іске асыру және мониторингілеу кезінде жүзеге асырады»;

45-3) жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын жобалық басқаруды өзіндік қызмет процестерін өзгерту (жетілдіру) мақсатында ағымдағы қызмет шеңберінде жүзеге асырылады»;

3. «Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 1 тамыздағы № 1137 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

16-тармақтың 27) тармақшасы алынып тасталсын.

ЗОБАЛАҢ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА

Ел тарихын зерделеген жан ашаршылық, жазықсыз қудалау, жазалауды солақай саясаттың кесірі екенін анық аңғарады. Әсіресе, XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін ең қасіретті кезең болып есептеледі. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейін нәубет құрбандарын есте сақтау бағытында біршама жұмыс қолға алынды. Тарихты қайта парақтау нәтижесінде көптеген тарихи құжат-факт ғылыми айналымға ене бастады.



1993 жылы 14 сәуірде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» туралы Заң қабылдады. Мақсат – қуғын-сүргін құрбандарына қатысты әділеттілікті қалпына келтіру, солақай саясаттың оларға тигізген моральдық-материалдық залалын өтеуді қамтамасыз ету. 1996 жылы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «1997 жылды жалпыұлттық келісім және саяси репрессия құрбандарын есте сақтау жылы деп жариялау туралы» Жарлығының шығуы аталған тақырыптың қоғам өміріндегі өзектілігін анықтап берді.

2020 жылғы 24 қарашада саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы Президент Жарлығы шықты. Мемлекеттік хатшы Қ.Көшербаевтың төрағалығымен Нұр-Сұлтан қаласында мемлекеттік комиссияның бірінші отырысы өтті. Осы ретте, Қызылорда облысы әкімінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы №362 қаулысымен өңірлік комиссия да жұмысын бастады.

1937-1950 жылдар аралығындағы саяси репрессияларды архив деректері арқылы анықтаудың маңызы зор. Деректерді анықтау, сонымен қатар жариялау, талдау тарихи үдерістің шынайы зерттеу негізін қалыптастырады. Қазіргі күні облыстық мемлекеттік архив қорын айқындау жұмысы жүргізілуде. Облыстық прокуратура мен сот қорынан қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ азиялылары туралы құжат кездеседі. Екіншіке қарай, архивте толық мәлімет сақталмаған. Мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қызметіне, оларды ақтау кезіндегі отбасылық хат алмасу құжаттары азды-көпті сақтаулы. Зобалаң зардабын тартқандардың лагерде 5, 10 жыл жаза өтеп келгенін жоғары органдарға өздерін ақтауды сұрап жазған хаттары да бар.

1937-1938 жылдары «троцкийшіл-бухариншіл сатқындар мен герман-жапон шпиондарына қарсы күрес» деген желеумен Қазақстанның көпте-

ген партия-кеңес, комсомол, кәсіподақ қайраткеріне, ақын-жазушысына, сонымен қатар қарапайым жұмысшы-шаруаларға әртүрлі айып тағылып, қуғын-сүргінге ұшырады немесе атылды. Ол кезде төрелік айту билігі қандықол «үштіктің» басқаруы арқылы жүргізілді.

Архив қорындағы облыстық прокуратура құжаттарында 1937-1938 жылдары негізсіз айыпталып, 1956 жылы ақталған азаматтардың істері кездеседі. Соның ішінде үш азаматқа «алашордалықтармен байланысы бар, контрреволюциялық ұйымның мүшесі және жапон шпионы» деген кінә тағылған. Олар – Шиелі ауданының тумасы, сауатты азамат Қалжан Қоңыратбаев, Қармақшы аудандық мал азығын дайындау мекемесінің меңгерушісі қызметін атқарған Мырзақұл Шахаров, Арал пароходшылығы бастығының көмекшісі қызметін атқарған Цой Шен Хак.

Қалжан Қоңыратбаев – атақты ғалымдар Әуелбек және Әлібек Қоңыратбаевтардың бауыры. Кеңес органдары бұл әулеттен үш адамды қудалады. Алаш ардақтарыларын ашық қолдап, үш қосқан Көлжан (құжатта осылай) Қоңыратбаев 1877 жылы Шиелі ауданының Қызылту колхозында дүниеге келген, сауатты. НКВД-ның үштігі «1937 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында көктемгі егіс жұмыстарына зиянын тигізді» деп, алашорданың «Ақжол» газетінің таралуына көмектескені, алашордалықтардың мақалалары мен әндерін насихаттағаны, Сұлтанбек Қожановпен тікелей байланыста болғаны үшін айыптаған. «Ұлтшыл-алашордалық» деп атаған. Асыл азамат концлагерьде 10 жыл жазасын өтеді. Негізсіз айыпталғаны дәлелденіп, 1956 жылы ақталды.

Ал Мырзақұл Шахаровтың ісінде Кеңес Үкіметіне қастық жасау әрекетімен астыртын контрреволюциялық ұйым мүшесі болғаны, колхозшыларды қыс мезгілінде елді мекеннен тыс жерде канал қазуға мәжбүрлегені, 1936 жылы ерте көктемде тоң жерге дәмді дақыл еккізіп, соның кесірінен

астық түсімі төмендегені келтірілген. Бұлардың негізсіз екені анықталғанмен, кейінгі тағдыры белгісіз.

НКВД-ның ерекше үштігінің шешімі Цой Шен Хактың өмірін де ойрандады. Ол 1900 жылы Примор облысы Посыет ауданы Янгиха ауылында дүниеге келген. Тұтқындалғанға дейін Арал пароходшылығы бастығының көмекшісі болған. 1922 жылы Читадағы жапон консулы Сотонның тапсырмасымен Ленинградтағы әскери училищеге шпиондық әрекетпен кіріп, сол оқу орнын бітіріп шыққаны келтірілген. Сонда оқып жүргенде Амурдағы әскери теңіз флотында қызмет істеп жүріп, құпия мәліметтерді жапон консулдықтарына хабарлап отырғаны үшін айыпталған. Бірақ тұтқындалушының күшпен ұлынғандығынан басқа ешқандай дерек көздері табылмаған.

«Халық жауларына» анықтау бағытында жоспарлы жұмыс жүргізілген. Сол кездердегі қатыгес саясаттан олардың өздері ғана емес, жақындары да жапа шекті. Архивте нақақтан-нақақ ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырылған азаматтардың жанайқағы, Отан, халық алдындағы адалдығын дәлелдей алмай, сотталғаннан кейін 1956-1957 жылдары КСРО-ның бас прокуратура өздерін ақтауды сұрап жазған өтініштері сақтаулы.

Мысалы, Қызылорда қаласында тұрған Дохненко Геннадий Петрович өтінішінде өзін 1948 жылы 20 қазанда Қазақ КСР-ы Қызылорда облысының жергілікті қауіпсіздік басқармасы органдары тұтқындалғанын жазыпты. Облыстық сот 1949 жылы 3(6) қаңтарда РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 10-тармағы бойынша 10 жылға еңбек түзету лагеріне жіберген. Одан бөлек, 5 жыл мерзімге сайлау құқығынан шеттетіледі. Алдымен Ақтөбе қаласының Алға қыстағында, кейін Қызыл Шығыстың «Советская Гавань» қаласындағы лагерде, Хабаровск өлкесінің Ванько портында жазасын өтеген.

1954 жылғы 10 тамыздағы Хабаровск өлкелік сотының тұрақты сессиясында анықтауы бойынша 1954 жылы 25 тамызда мерзімінен бұрын бо-

сатылып, Қызылорда қаласына оралған. Айтуынша, іс «халық көсеміне жала жапты» деген айып және қарамағындағы жұмысшының жалған құпия өсегі негізінде қозғалған. «Мен тұтқындалғаннан кейін МГБ тергеу органдарымен маған 58 баптың 7, 10, 11-тармақтар бойынша жала жабылып, олардың екеуі (7, 11-тармақтар) қылмыстық құрамы жоқтығына байланысты алынып тасталды. 58-баптың 10-тармағы бойынша тағылған айыппен мен өзімді кінәлі деп санамаймын. Өмірімдегі бүкіл еңбек жолымда өзімнің Отаным үшін адал еңбек еттім. Кеңес үкіметіне қарсы ешқандай үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген емеспін. Менің ісімді қайта қарауды және ақтауды өтінемін», – делінген 1956 жылы 14 қазанда жолданған хатта.

Аралдық Кузнецов Александр Федоровичтің өтініші де осыған ұқсас. Балық шаруашылығында табысты еңбек еткен оны 1937 жылы 22 сәуірде Арал аудандық НКВД бөлімінің уәкілі тұтқындап, 10 күннен кейін Ақтөбе облысының НКВД облыстық бөліміне жіберген. «Маған «Аралгосрыбтрест» мекемесіндегі контрреволюциялық, зиянкес диверсиялық ұйымның мүшесі» деген айып тағылды. Мұндай ұйым туралы ешқандай түсінігім болмағандықтан мен жала жабу сипатындағы құжаттарға қол қойдан бас тарттым. Тергеу мерзімі біржақты және әділетсіздікпен 8 ай уақытқа созылды. Әділетсіз айыпталуларға қарсылық білдіре отырып, маған екі рет аштық жариялауға тура келді, бірақ бұл менің тергеуісімді сәл ғана бауылатты», – делінген онда.

1937 жылы 10 желтоқсанда басқа да сотталғандармен бірге оны Ақтөбеден Ұлгий қаласына жөнелтті. НКВД үштігі 1937 жылы 17 желтоқсанда РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 7, 9, 10, 11-тармақтарына сәйкес сырттай 10 жылға соттаған. Кейін қалпына өмірге қайта оралғанмен себепсіз кінәлау өміріне көлеңкесін түсірді. «Мұны мен 6 жасар ұлыманнан жасыруға мәжбүрмін. Мен өзімді кінәсіз санаймын және санап келемін. Мен ешқашан ешқандай ұйымға мүше болған емеспін және үкіметке қарсы шыққаным жоқ. Бұлай жасауға менің отансүйіштігім, ұлы Отаныма деген сүйіспеншілігім, ар-намысым жібермейді», – делінген хатта.

Жоғарыдағы өтініштерден азаматтардың сол замандағы озбыр саясаттың аяусыз қорлығына ұшырағанын көреміз. Ұлты мен діні, тілі мен діліне қарамастан, мыңдаған адам тоталитарлық жүйенің дірменіне түсіп, өзгеше ойлағаны үшін бекер сотталып, туған жерінен аяусыз айдалып, түрмелерде көз жұмды. Біз ұсынған фактілер зұлмат тарихтың сарғайған парақтарынан сыр шертеді.

Жұмыссыз жала шеккендердің рухына тазыым ету, қилы кезеңді ұмытпау, тәуелсіздікті баянды етуге ұмтылу – бүгінгі ұрпақтың парызы. Мемлекет басшысы атап өткендей, біз осылайша кемел келесікке жол ашамыз. Сонда ғана еліміз түлейді, ұлтымыз рухани тұрғыда жаңғырады.

Жанат АЛТЫНБАЕВА,
облыстық мемлекеттік
архив басшысының
орынбасары

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МҚУ

ШАҒЫН НЕСИЕ

✓Зейнеткерлер (78 жасқа дейін) мен жұмыс істейтіндерге

✓1 000 000 теңгеге дейін

✓көпелдіксіз ✓өте тез!

✓алты жылға дейін

✓жоғары несиелік ауыртпалығы және нашар несиелік тарихы бар қарыз алушыларға!

ЭВЕРЕСТ

Финанс

ТОМЕН % СТАВКАЛАР

Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе (№3 гимназияға қарама-қарсы) тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 45-45

ҚР Ұлттық Банкітен №KZ01VU00000355 лицензиясы берілген

БАҒА: Көңіл де, кәрзеңке де толмай тұр



Арзан азық-түлікті қайдан алуға болады?

Қымбатшылық келгенде, тұрғындарды осы сұрақ ойландырады. Сондықтан қазір бағаны тұрақтандыру шаралары жедел түрде жүргізілуде. Пресс-турда алдымен Торайғыров пен Қорқыт ата көшелерінің қиылысындағы әлеуметтік дүкенді бетке алдық. Көзіміз бірден тақтайшадағы бағаға түсті. Мұнда нан – 55, күнбағыс майының литрі – 552, 1 келі картоп – 135, пияз – 60, сәбіз – 70, жұмыртқа – 40 теңгеден екені көрсетілген. Нарықтағы бағаның қандай екені белгілі. Өсімдік майының литрін – 650-700, картоптың құнын 180-190 теңгеден алып жүргендіктен, мына бағалар әлдеқайда арзан көрінді.

Айта кету керек, қаланың әр аумағында мұндай 29 әлеуметтік дүкен орналасқан. Халыққа аса қажетті өнімдер нарық бағасынан төмен бағада осы дүкендерде, әлеуметтік маркетте және «Мирас», «Аль-Асад», «Ажар», «Анвар», «Қызылорда Оптомаркеттегі» әлеуметтік бұрыштарда сатылуда. Әлеуметтік дүкенге барғанда ескеретін жәйт бар. Ол – өнімнің шекті мөлшерде берілуі. Мұнда 1 адам картопты 3 келіден, қантты 2 келіден, күнбағыс майын 1 литрден, жұмыртқаны 10 данадан артық ала алмайды. Бұл – тұтынушының азық-түлікті осы жерден мол етіп алып, басқаларға сатпауы үшін жасалған жеке.

Әлеуметтік дүкенге жапсарлас орналасқан «KZOET» дүкенінде де баға тұрақтан-тұрақтан. Мұнда сирек еті – 1600, жылқы еті 2100 теңгеден сатылуда. Айта кету керек, аталған сауда орындарындағы әлеуметтік бұрыштар және дүкендердегі әлеуметтік маңызы бар өнімдердің бағасын «Байқоңыр ӘКҚ» АҚ бекітеді.

Бағаны білдік, бірақ өнімнің сапасы да маңызды. Азық-түлік алуға келген тұрғын Айгүл Мұхаевамен тілдескен едік, ол баға мен сапа үйлесім тапқандықтан осы дүкенге тұрақты келетінін айтты. Жауапты мамандар да бұл талап үнемі бақылауда екенін жеткізді.

Мұнан кейін «Аль-Асад» супермаркетін араладық.

1-бет

Жарамсыз деп есептелсін

«Мүсіралі Пір Ата» қоғамдық қоры (БСН 140140023068) Жарғысының (мемлекеттік және орыс тілінде) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қызылорда қаласы, Қосшынырау ауылдық округі, Абай ауылы, Жакыпбек Маханбетов көшесі №1 мекен-жайда орналасқан «Ақмолда» мешіті «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» діни бірлестігінің филиалына 2012 жылы берілген Ережесінің (мемлекеттік және орыс тілінде) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің ұжымы бұрынғы әріптесіміз **Қанатбаева Шолпан Төлегенқызының** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

113 ЕЛДІ МЕКЕН – КЕНЕ ШАҒУ ҚАУПІ ЖОҒАРЫ АЙМАҚ



Қызылорда облысы Конго-Қырым геоморфологиялық қызбасының (КҚГК) табиғи ошағында орналасқан. Быыл өңірде КҚГК бойынша 113 елді мекен қолайсыз деп есепке алынды. Олардың басым көпшілігі Жалағаш және Арал аудандарында орналасқан. Эпидемияның басталуына орай қолайсыз елді мекендерде аса қауіпті жұқпалы ауруға қарсы профилактикалық шаралар да басталып кетті. Эпидемиолог мамандардан тұратын 3 арнайы жұмысшы топ құрылып, елді мекендерде зоологиялық барлау жұмыстары жүргізілуде. Жұмыс барысында 2163 кене жиналып, 226 сынама

зерттелді. Әзірге КҚГК-ға оң нәтижелер анықталған жоқ. Дегенмен, кененің ересек және нимфа (жас) түрлері табиғатқа белсенді шыға бастағаны байқалды. Оған дәлел, жыл басынан бері кене шағумен медициналық көмекке 2 адам жүгініп, бақылауға алынған.

Жыл сайын барлық қолайсыз елді мекендерде санитариялық-қорғаныш аймақтарын құру үшін кенеге қарсы өңдеу шаралары жүзеге асырылады. Биыл залалсыздандыру жұмыстары 42,85 шаршы шақырым жер көлеміне жүргізіледі. 1-кезеңін сәуір мен маусым аралығында бастау жоспарлануда.

Нақты кезеңде облыстағы медициналық мекемелерде КҚГК-мен ауыратын науқастарды емдеу үшін вирусқа қарсы препараттар, иммундалған плазма және т.б. қажетті құрал-жабдықтар қоры жасақталды. КҚГК вирусының негізгі тасымалдаушысы – иксод кеңелері. Олар күн жылысымен адамдар мен жануарларға шабуыл жасайды. Сондықтан адамдар арасында Конго-Қырым геоморфологиялық қызбасы ауруы кене белсенділігі артақан кезде жиі анықталады. Ауру кене шаққанда немесе қыркым кезінде одан бөлінген

биологиялық сұйықпен не болмаса ауру адамның қанымен жанасқанда жұғады.

Көктем келіп, күн жылығаннан адамдар табиғат аясына демалу науқанын бастайды. Демалысқа шыққан уақытта қалпақты комбинезон кию, шалбардың балағын шулықтың ішіне салып, резеңкелі манжетті жеңі бар көйлек кию қажет. Киім кене жабысқаны көрінетіндей ашық түсті болғаны абзал. Дененің ашық жеріне репеленттер (спирттік зат, одеколон) сеуіп, киімге акарицидті құралдарды пайдалану керек. Кенені жалаң қолмен және бірден жұлып алуға болмайды, өйткені тұмсығы қалып қойып, орны ірідеп, жара болуы мүмкін. Жануарларды қыркы кезінде қолғап кию қажет.

КҚГК ауруының белгілері өзге де инфекциялық аурулардың клиникалық белгілеріне ұқсас келеді. Дене қызуы көтеріледі, бас ауырады, тәбет болмайды, буын мен бел сырқайды. Келесі күні локус, құсу, іш өту сияқты симптомдар пайда болады, ине салған жерлердің көгеруі, бет ісініп, қызаруы мүмкін. Ауру одан әрі асқанша жағдайда науқастың мұрнынан, қызыл мегінен, іштен қан

кете бастайды, тері бөртпелері және тері астына қан құйылу арқылы көкала дақтар пайда болады. Аурудың алғашқы белгілері пайда болған жағдайда емдеуді мүмкіндігінше тез бастау керек. Сондықтан, егер сізді кене шаққан болса немесе эпидемиологиялық көрсеткіштерге байланысты (табиғатқа шығу, мал қырқымына қатысу, мал сою, мал күтіміне қатысу және т.б.) клиникалық белгілер байқалғанда міндетті түрде тұрғылықты жер бойынша емдеу мекемесіне медициналық көмекке жүгінуді сұраймыз.

Ескеретін жағдай, бұл аурудың емі бар, уақытылы дәрігерге жүгініп, медициналық бақылауға алынған немесе клиникалық көрсеткіштерге байланысты ем алған жағдайда толық емделіп шығатын инфекция.

Қорыта айтқанда, аталған инфекциядан сақтану немесе ауру жұқтырған жағдайда толыққанды емделіп, сауығып шығу – әр адамның өз қолында!

Ж.ЖЕТІЛГЕНОВА,
облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің бөлім басшысы



ТАБИФАТ ТЕРЕЗЕСІ



Сәуір – жазғытурым мезгілі. «Сәуір» сөзі араб тілінен енген, мағынасы «өгіз» деген екен. Ал, жұлдыз айлары бойынша «Торпақ шоқжұлдызының» атауы болып табылады. Бізге осы «өгіз» сөзінің керегі жоқ секілді. Қазақ бұл айды «көкек» деп атаған. Бұлай аталу себебі көктемнің бір белгісі көкек құсының алғаш шақыра бастайтын мезгілімен байланысты. Бұл айдың өзгешелігі – құс үнінің ерекше байқалуы. Біз осы айтып отырған сөздерімізге сәл түзету енгізсек, сәуір – негізінен ай аты емес, амал аты. Жаксы, мұның дәлеліне де тоқталамыз.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Әлгінде айтқанымыздай, бұл ай бұрын қазақша «көкек» деп аталған. Мына бір нәрсені еске түсіре аласыз ба? Баяғыда әжелеріміз «қашан» деген біздің балалық сұрағымызға «көкек айында» деп жауап беретін. Сонда бізге көкек айы келмейтін ай секілді көрінетін. Сөйтсек, ол сөздің тұрақты тіркес есебінде қалыптасуында қыстан қысылып, ақ бұрқасыннан әбден мезі болған қазақ шаруасының көктем айына деген сағынышы жатыр екен. Адамның сағынған бір нәрсесі тым алыста болып сезіледі, зарықтырып жетеді. Демек, көкек айын әр адам асыға күтетін болған. Әрине, қазір де солай.

Ал, енді атауға оралайық. Көкекті көпшілік жағамсыз құс деп санайды. «Көкек өз атын өзі шақырады» деп шымысмалап шығарған мақалымыз да бар. Шоқан Уәлихановтың пайымдауы бойынша, көкек жағымыз құс емес, керісінше, киелі құс. Бес биенің сабасындай бәйбішелер май мол болады деп, көкек қонған бұтақты алып, сүт құйған сабаға салып қоятын болған.

Бұл жөнінде өткен жылы дәл осы айда мақала жазып, жариялаған едім. Ендеше, оған қайта оралмай-ақ қояйын.

Сәуір деген атау ай аты есебінде сөздік қорымызға өткен ғасырдың 90-шы жылдары еніпті. Бұл жайында журналист-жазушы, қоғам қайраткері Нұрәтөре Жүсіптің аузынан айтылған мына бір қызық деректі келтірсек, біраз сырға қанығамыз.

«Қазіргі қолданыста жүрген ай атауларының ішінде саяси сипатпен «еніп» кеткен бір ай бар. Ол – сәуір айы. Бұрынғы қазақ бұл айды «көкек» деп атаған.Осы көкек қалайша сәуір болды? «Егемен Қазақстан» газетінде,

Шерхан Мұртазаның басшылығында қызмет істеп жүрген кезіміз. 1990 жыл. Компартия бар. Шерағана бір кісі телефон соқты. Шерхан Мұртаза газеттің кезекті нөміріне «көкек айы» деп белгілеп қойған. Редакторымыздың қабағы түйіле түсті. Телефонның дауыс күшейткішін іске қосқан Шераға бізге «тыңдаңдар» дегендей ишара білдірді: «Сонда көсеміміз Лениннің «Апрель тезистері» дегенін «Көкек тезистері» дейміз бе? – деді әр жақтағы кісі дауысын нығарлап. – Бұл ертең елдің күлкісін тудырады ғой. Көкек емес, сәуір болсын! Газетке солай көрсетіңіздер...».

Сонымен, «Егеменнің» реттік көрсеткішіне «сәуір» деп жазылды. Содан бері – сәуір. Ленин де кетті. Оның тезистері де мәнін жоғалтты. Сәуір сақталып қалды».

Осылайша, ОК-да үлкен қызмет істейтін бір ағамыз ғасырлар бойы келе жатқан ай атын өзгертіп жіберген. Сәуір атауы бұрыннан бар емес пе деп ойлайтын шығарсыз. «Сәуір болмай, тәуір болмайды» деген сөзді мысалға келтірерсіз. Рас, мұндай сөз бар, бірақ, ол ай аты есебінде емес, амал аты есебінде айтылған. Аталарымыз сәуір амалы жақсы өтпей, күн райының да тәуір болмайтынын айтқан. «Сәуір амалы» деген не нәрсе, сонда?

Қазақтар әр жыл мезгілінде, әр айда болатын табиғат құбылыстарын «амал» деп атайды. «Отамалы», «Бесконақ», «Қызыр қамшысы», «Сәуір амалы», «Құралайдың салқыны», «Тобылғы жарған», бұлар – көктем айындағы амалдар. Шамамен көкек айының 20-сыншы күнінде кіретін сәуір амалында шаруалар жаз бұлттарын бақылайтын болған. Бұлт төніп, ыдырамаса, онда сәуір амалы ұзаққа созылып, қырық күнге жалғасады. Жаңбыр нөсер-

леп жауып, соңы қарға ұласады. Сәуір амалы өтпей, сәуіркі пішуге болмайды. Сәуіркі – үш-төрт жасар айғыр.

Баяғыда бір бай отамалы амалы өткен соң «өлмеген құлға болды жаз» деп қырық сәуірдің түгел тарттырып тастайды. Артыңша қарлы боран болып, қырық піше түгел қырылыпты. Ел ішінде бұл амалдың кейде «қырық сәуіркі» деп аталуы осы бір оқиғадан қалса керек. Қазақта: «Сәуір жақсылығына бақса алты күн, жақсылығына бақпаса алпыс күн», «Сәуір болмай, сайран болмас, сайран болмай, айран болмас», «Сәуір болса күн күркірер, күн күркіресе көк дүркірер», «Сәуірдегі жауын – сауып тұрған сауын» деген секілді қанатты сөздер бар. Жауын демекші, дінімізде сәуір жаңбырының адам ағзасына берер шипасының мол екендігі жөнінде де айтылған. Жылан-ның уы, балықтың інжуі, тіпті бал арасының балы да осы жаңбыр суынан пайда болады дейді. Ең таза судың сәуір жаңбыры екені өмір тәжірибесімен дәлелденген.

«Бұл суды ішкен кісіге жаман жағдайлар жоламайды. Бел ауруынан, қарын ауруынан еш арызы қалмайды, көкірек ауруына шалдықпайды» дейді Құрманд. Тіпті, Пайғамбарымыз «Мені хақ Пайғамбар қылып жіберген Алла Тағалаға ант етейін, баласы болмаған ер осы судан әйеліне ішкізе, Алланың рұқсатымен әйелі жүкті болады», – деген.

Мұнан ұғатынымыз, сәуір айы – табиғатқа, демек, адам баласына, барлық тіршілік иелеріне ерекше серпіп, өзгеше өзгеріс, тың қуат әкелетін ай.

Мейлі, сәуір болса, болсын. Технокрааттық дәуірге еніп кеткен қазақ енді мал бақпайды, бақса да, табиғаты таразылап жатпайды. Өйткені, барлық жұмыс механизмаландырылған, амалды білмесе адасып кететін ешкім жоқ. Бұл сөзім үшін мені кінәлайтын жан болса, осыны айтып отырғандағы ішкі дүниеме еніп көрсін.

Қалай дегенде, сәуір – мезгілдің сулу шағы. Осы мезгілде шапақты таңның қалай әсемденіп ататынын білесіз бе? Оны көргіңіз келсе, ұйқыңыздан таң біліне бастағаннан ояныңыз.

Сәуірдің ақ таңы әрбіріңіздің жан әлеміңізді жарықтандырып, өміріңізге саулық пен байлық сыйласын. Дерт келмексе кетсін.

«Әннің де естісі бар, есегі бар, тыңдаушының құлағын тесері бар». Естісінен гөрі есегі басым әндердің уақытында өмір сүріп жатқанымызбен, музыканы талғаммен саралайтын жастар көп. Жақында қазақ әнінің беделін биіктетіп жүрген отң қызы Айшани Даттареймен пікірлестік.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»

Абай әндерін шырқаған Айшани



ән тыңдасаң, жан жадырайды. Арманыңды ұштап, қанат бітіреді. Соның ішінде қазақ халқының композициялары әуезді, мағынасы терең дер едім, ерекше сезім сыйлайды. Сырға толы қазақ өнерін көпшілікке насихаттауға септігімді тигізгім келеді, – дейді ол.

Айшанидің әкесі Халлимайсор Даттретя – үнді ұлтының өкілі, анасы қазақ. Бір-бірін Алматыда кезіктірген. Қазақстанда 18 жылдан астам уақыт тату-тәтті өмір сүріп келеді. Халлимайсор Даттретя бұл өлкенде ағайынның кіршіксіз көңілі бұйырғанына, ынтымағы жарасқан елде болғанына қуанатындығын айтады. Отбасының барлық мүшелері өнерге жақын. Үлкендері вокалмен айналысса, балалары – музыкалық аспапта ойнаудың шебері. Дегенмен, Даттретя отбасындағы басты қағида – білімге ерекше дең қою. Бүгінде Айшани мен ағасы Раджив – Зияткерлік мектептің озат оқушылары. Келешекте Айшани ғылымның сырын ашып, атақты биолог ғалым болуды армандайды.

– Жастар мобильді болуға тиіс. Мен осы қағиданы ұстанамын. Шығармашылыққа жақынмын, содан болар түрлі сайыстардан қалыс қалған емеспін. Креативті, талантты, ғылым, өнер саласында шыңдалған жастардың қатарынан табылғым келеді, – дейді ол.

Болатын бала алысқа қарайды. Әңгіме барысында Айшанидің болашаққа жүйелеген жоспары көптігің аңғардық. Бастысы, жеңіл әуеннің жетегінде кетпей, өнер тазалығын қолдап, ән өнерінің өз деңгейінде жаңғыруын қалайтын жастың алғырлығы бізді тәнті етті.

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

Туғаныңмен сыйыспасаң,

кең дүниеге сыймассың

Ойын алаңқайында бір топ бала жүр. Екі топқа бөлініп, жарысып жатыр. Бір кезде керісе бастады. Шамасы, ойыннан от шыққан. Ақыр аяғы төбелеске ұласып, біреуі оңбай таяқ жеді. Балаларды сол маңдағы үлкен кісі таратып жіберді. Алаңда екі бала қалды. Бірі жерде жылап отыр. Екіншісі басын төмен салып, соған қарап тұр. Шамасы, екеуі ағайынды-ау деп топшыладым. Біршама уақыттан кейін әлгі жерде отырған бала атып тұрып, екіншісіне айқайлап жылай бастады. «Неге ағам бола тұра қорғамайсың? Саған таяқ жесем де бәрібір ме?» деп көпқабатты үйлерге қарай жүгірді. Артынан ағасы да аяндай басып барады.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Осы көріністен кейін, бала кезімдегі бір оқиға есіме түсті. Мен 3-сыныпта оқимын. Әпкем 5-сыныпта. Сабағым ерте аяқталғанымен, әпкемді күтемін. Екеуіміз бірге қайтамыз. Оның шашы өте сирек болатын. Ұстарамен анам жиі алатын. Қалың болып өсу үшін. Бірақ одан нәтиже болмаған секілді. Әлі жұқа... Сол бесінші сынып оқып жүргенде тағы шашын сыпырып тастады. Әпкем ебіл-дебілі шығып жылады. Ата-ананың айтқанына қарсы шыға алмай-сың.

Не керек, сол күні сабаққа бірге бардық. Ол өз сыныбына, мен өз сыныбыма бөліндік. Қыс кезі болатын. Әдеттегідей сабақтан кейін әпкемді тостым.

Шықты. Бірақ бұл жолы соңында бір топ бала бар. Бәрі де әпкемді қаумалап жүргізер емес. Әрине, мазактап, қалпағын тартып алмақшы. Ересек қыздың тақырбас болғаны оларға да оғаш көрінуде. Көзі мөлдiреп маған қарайды. Қасына жетіп бардым. Әншейінде зорға арқа-лап келетін сөмкемді арқамнан қалай жұлып алғандымы білмеймін. Қолыма алған күй әлгілерді шамама қарамай соға бастадым. Әпкем қалпағын басып отыра қалған. Мен оны айналып, жолатпай жүрмін. Сол күн екеуіміз ұзақ болғандай көрінді. Мектеп айналасын мың айналып шығатын дешенесы нықтыру пәні мұғалімінің де қарасы көрінбей қойды.

Ызаланып, жылап та алдым. Маған қосылып әпкем жылады. Біз кешіккеннен кейін әкеміз мектепке келген. Әлгі балалар әкем көрінгеннен жым-жылас болды.

Иә, бауыр – бәрінен биік ұғым. Бұл сөзді бала күнімізден ұғынып өстік. Бір үйде 5-6 бала болғаннан кейін, ата-анамыз, үлкендер жағы «Сендер бауырсындар, бір-біріңе қамқор болыңдар» деген сөздерді жиі айтатын. Алдымыздағы аға-әпкелеріміздің киімін киіп, сөмкесін ұстадық. Кейде жаңа киімді қалап, қиғылық салғанда анамыз «Ол сенің бауырыңның киімі» дегенде қоя салатынбыз. Бір көрпенің астында бір-бірімізді құшақтап ұйықтап, бірнанды бөліп жедік. Үлкен отбасында ағайындылар бір дастарханнан дәм татып, бірге ойнап жетілді.

Ал қазір бауырымен араздасып, бір-біріне теріс қарап отырғандардың әрекетін жиі көріп те, естіп те жүрміз. Қырық пышақ болған бауырлардың арасына түсіп, араша сұрайтын-дар да кездесіп жатады. «Бауырын қатыгездікпен сабады», «Бауырына қорлық көрсетті»



Біз көпшілікпен бірге табиғатта болуға ұмтыламыз. Оның есегі қабінуды және құнықты біздің ісімізін жасауға, әр айдауды қалыңға келтіруге бағытталған.

шараларға қарағанда, ауру белгілерін алып қана қоймай, несп-жыныс жүйесінің мүшелерін әртүрлі аурулардан жылдар бойы сенімді қорғай алатын, дерттің түпкі себебін жоғалтын, "Уропротектор" препаратын пайдалануды ұсынамыз.

Бұл – кешенді препарат. Оның есегі қабінуды және құнықты біздің ісімізін жасауға, әр айдауды қалыңға келтіруге бағытталған.

"Уропротектор" препаратын қолданудың бірінші сатысында-ақ ыңғайсыздық, шап айғайындағы ауырсыну, үрпі арнасындағы шашу жоғалады. Одан әрі кіші жамбас мүшелерінде қан айналымы жақсарыды, құнықты безі мен құнықтың ішкі қалыңға келтіріледі, бұдан кейін олар өз қызметтерін толық орындай бастайды. Сондай-ақ, препарат гормонды тепе-теңдікті қалпына келтіре отырып, еркектердің басты гормоны – тестостерон өндірісін ынталандырады. Осының себебін, құнықты безі аденосының дамуын тоқтатады және әрекетінің қуыюына жетеді.

"Уропротектор" – простатит, құнықты безінің аденосы, зәр шығарудың бұзылуы, әрекеттің дисфункциясын емдеуде жаксы сипаттамаларға ие болды. Сонымен қатар, "Уропротектор" компоненттері, ағзадағы бас радикалдардың санын тіпті түрде төмендетеді, сол арқылы простата обырының пайда болуын мен дамуынан қорғайды.

Тұрасын айтқанда, бұл – ерлердің көптеген урологиялық проблемаларына көмектесетін қатты құрал!

Препарат барлық қажетті сындықтардан өтіп, отандық және халықаралық сертификаттармен мақұлданды. Кез келген жаста салауатты, белсенді жыныстық өмірден бас тартпаңыз!

Мына телефон арқылы кеңес ала аласыз және «Уропротекторға» тапсырыс бере аласыз: 8 705 92 55 429 немесе uroprotector.kz сайты арқылы.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! НАУҚАН ЖҮРУДЕ!
«УРОПРОТЕКТОР» КУРСТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА
ТАПСЫРЫС БЕРСЕНІЗ, -30% ЖЕҢІЛДІК!**



Негізгі әсер етуші заттар: препарат құрамына химиялық құрауыштар кірмейді. **Мөлшері және қолдану тәсілі:** қабылдау уақытыны 1 айдан бастап. **Қарсы көрсеткішдер:** жеке құрауыштардың сәйкес келмеуі.

ПРОСТАТИТ, АДЕНОМА, НЕСПЕ ШЫҒАРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ БҰЗЫЛУЫ, БЕЛСІЗДІК?! КӨМЕК ЖАНЫҢЫЗДА!

Простатит, құнықты безінің аденосы, несп шығару қызметінің бұзылуы, әрекеттің дисфункциясы орта есеппен әр үшінші ер адамда кездеседі. Бұл ауру көбінесе жас ұлғайған кезде, ағзаның қорғаныш қасиеті әлсірегенде, гормондық теңгерім бұзылғанда, несп шығару жүйесі мүшесі мүшелерін регенерациялануы нашарлағанда беллен алады.

Простатит және құнықты безі аденосы жекелей де, екеуі бір мезгілде де қатар жүре алады. Бұл екі ауру әртүрлі себептерден пайда болады, бірақ ұқсас асқынударға әкеліп соғады. Оның себебі мынада. Простатит 95% жағдайда созылмалы, жұқпалы емес ауру түрінде кездеседі. Көбінесе оның пайда болуы зиянды әдеттерге, суық пиісуге, кіші жамбас мүшелеріндегі қан айналымының бұзылуына, сирек немесе бей-берекет жыныстық қатынасқа түсуге байланысты болады. Құнықты безі қабіндып, ісініп, осы арқылы өтетін несп жолы арнасын қысып тастайды. Соның салдарынан зәрдің шығуы тежеліп, дәретханаға барғысы келу жүйелді. Мұның барлығы ыңғайсыздық пен шап бөлігіндегі ауырсынуға ұласады. Уақыт өте келе, жыныстық қызметтің бұзылуы, жыныстық әлсіздік пайда болады.

Құнықты безінің аденосы гормондық бұзылулар нәтижесінде пайда болады. Ерлер гормоны – тестостеронның азаюы және ағзада эстроген – әйел гормонының артуы құнықты безінің ісінуіне ұшыратады. Ол, өз кезегінде, простатит сияқты зәр шығарудың ұқсас ауытқуларын өршітіп, несп жолы арнасын қысады, жыныстық бұзылуы және әртүрлі сипаттағы ауырсынуларды тудырады.

Емделмеген жағдайда, бұл аурулар асқынып, отадан басқа ем-шара көмектесе алмайтын, қайтымыссыз сипат қабылдауы мүмкін. Сондықтан, сіз несп-жыныс жүйесінің жұмысында мұндай ауытқуларға тап болсаңыз, тез арада маманнан көмек сұраңыз.

Осы урологиялық ауруларды емдеу үшін біз көптеген дәрілер мен ем-